

2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 9-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 3139 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 наурыздағы № 21-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 12.03.2014 № 21-4 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2013 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 3 632 583 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 711 883 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 6 345 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 180 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 2 914 175 мың теңге;

- 2) шығындар – 3 628 374 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 24 392 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 33 108 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 8 716 мың теңге;

- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 9 320 мың теңге, оның ішінде:

- қаржы активтерін сатып алу – 9 320 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -29 503 мың теңге;

- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 29 503 мың теңге:

- қарыздар түсімі – 31 158 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу - -8 716 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 7 061 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Казталов

аудандық мәслихатының 18.12.2013 № 19-1 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2013 жылға арналған аудандық бюджет түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылдың 7 желтоқсандағы № 5-2 "2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне сәйкес қарастырылды.

3. Қазақстан Республикасының "2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабы қатерге және басшылыққа алынсын.

4. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің жалпы сомасы 765 957 мың теңге көлемінде қарастырылсын, соның ішінде: негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 8 194 мың теңге;

үйде оқитын мүгедек балаларды жабдықтық, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етуге – 1 040 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 112 472 мың теңге;

қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге – 9 980 мың теңге;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға – 30 816 мың теңге;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 8 492 мың теңге;

эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге – 92 753 мың теңге; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға – 19 747 мың теңге;

Болашақ ауылын сумен жабдықтауға – 396 569 мың теңге; арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттарын енгізуге – 4 000 мың теңге; мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 11 023 мың теңге;

"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыру үшін – 22 531 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін кредиттер – 31 158 мың теңге;

Казталов ауылының сумен жабдықтау жүйесін қайта құруға жобалау - сметалық құжаттаманы түзетуге – 4 200 мың теңге;

Нұрсай ауылының су құбырын қайта жаңартуға жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 1 680 мың теңге;
Бостандық ауылының су құбырын қайта құру үшін жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 2 201 мың теңге;
Ақпәтер ауылының су құбырын қайта құру үшін жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 2 201 мың теңге;
Жалпақтал ауылының су құбырын қайта құру үшін жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 2 700 мың теңге;
Қайынды ауылының су құбырын қайта құру үшін жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 2 100 мың теңге;
Жаңажол ауылының су құбырын қайта құру үшін жобалау - сметалық құжаттаманы әзірлеуге – 2 100 мың теңге.

Ескерту. 4 тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 15.07.2013 № 16-1, 18.12.2013 № 19-1 шешімдерімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер мен тауарларды өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

6. 2013 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органдардың резерві 20 331 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 15.07.2013 № 16-1 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауылдық елді-мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес процентке айлықақы мен тарифтік ставкаларын көтеру белгіленсін.

8. 2013 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқару үдерісінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Казталов ауданының ауылдық округтерінің 2013 жылға арналған бюджеттік бағдарламалары 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы С. Өтеғұлова
Аудандық мәслихат хатшысы Е. Ғазизов

2013 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 18.12.2013 № 19-1 шешімімен (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі).

мың теңге

Санаты					Сомасы
Сыныбы					
	Ішкі сыныбы				
	Ерекшелігі				
			Атауы		
			I. КІРІСТЕР	3632583	
1			Салықтық түсімдер	711883	
	01		Табыс салығы	158019	
		2	Жеке табыс салығы	158019	
	03		Әлеуметтік салық	152856	
		1	Әлеуметтік салық	152856	
	04		Меншікке салынатын салықтар	397436	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	378823	
		3	Жер салығы	778	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	16835	
		5	Бірыңғай жер салығы	1000	
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	2392	
		2	Акциздер	962	
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	157	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1273	
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер	1180	
		1	Мемлекеттік баж	1180	
2			Салықтық емес түсімдер	6345	
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	915	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	915	
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1380	

	1		Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1380
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	4050
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	4050
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	180
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	180
	1		Жерді сату	180
4			Трансферттерден түсетін түсімдер	2914175
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2914175
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2914175
Функционалдық топ				Сомасы
Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
			Атауы	3628374
			II. Шығыстар	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	266753
1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	249895
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13824
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13659
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	165
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	51208
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51208
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	184863
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	183277
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1586
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	16858
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16858
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16858
02			Қорғаныс	2862

	1		Әскери мұқтаждар	2862
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2862
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2862
04			Білім беру	2258989
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	300580
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	300580
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	188108
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	112472
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1892692
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1892692
		003	Жалпы білім беру	1826963
		006	Балаларға қосымша білім беру	65729
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	65717
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	65717
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10359
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	23789
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	9980
		019	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету	0
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдыкпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	1040
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	20549
05			Денсаулық сақтау	399
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	399
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	399
		002	Ерекше жағдайларда сырқатты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	399
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	173384
	2		Әлеуметтік көмек	154915
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	154915
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	23198

		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2924
		006	Тұрғын үй көмегі	2730
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	36905
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1435
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	30678
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	52880
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	4165
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	18469
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18469
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16723
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1746
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	500351
1			Тұрғын үй шаруашылығы	26153
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	174
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	174
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6232
		031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	230
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	6002
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	19747
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	0
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	19747
		072	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту және (немесе) сатып алу	0

2			Коммуналдық шаруашылық	418691
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	0
		014	Елді-мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4770
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	4770
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	413921
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	170
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	413751
3			Елді-мекендерді көркейту	55507
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	40178
		008	Елді-мекендерде көшелерді жарықтандыру	11511
		009	Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	1451
		011	Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	27016
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15329
		015	Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру	0
		016	Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
		017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	0
		018	Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	15329
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	230722
1			Мәдениет саласындағы қызмет	132877
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	132877
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	132877
2			Спорт	9033
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	4333
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4333
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	4700
		008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	4700
3			Ақпараттық кеңістік	69758
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7730
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7730
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	62028

		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	62028
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	19054
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8751
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7551
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	1200
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	10303
		001	Жергілікті деңгей мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7593
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2710
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	127838
	1		Ауыл шаруашылығы	27733
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	11023
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	11023
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	16710
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15822
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	100
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	788
6			Жер қатынастары	7352
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7352
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7352
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	92753
	475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	92753
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	92753
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12262
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12262
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12262
			Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді-мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы	

		001	мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12262
12			Көлік және коммуникация	173
	1		Автомобиль көлігі	173
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	173
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	173
13			Басқалар	51441
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	966
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	966
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	966
	9		Басқалар	50475
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	22531
		040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	22531
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7613
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7613
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20331
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	20331
14			Борышқа қызмет көрсету	13
	1		Борышқа қызмет көрсету	13
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	13
15			Трансферттер	3187
	1		Трансферттер	3187
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3187
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1319
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1868

				III. Таза бюджеттік кредиттеу	24392
				Бюджеттік кредиттер	33108
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	33108
	01			Ауыл шаруашылығы	33108
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	33108
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	33108
Санаты					Сомасы
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
5				Бюджеттік несиелерді өтеу	8716
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	8716
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік несиелерді өтеу	8716
				IV. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	9320
Функционалдық топ					Сомасы
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				Қаржы активтерін сатып алу	9320
13				Басқалар	9320
	09			Басқалар	9320
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9320
			065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	9320
Санаты					Сомасы
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
				V. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-29503
				VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	29503

2014 жылға арналған аудандық бюджет

мың теңге

Санаты				Сомасы
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
	Ерекшелігі			
		Атауы		
		I. КІРІСТЕР		2894135
1		Салықтық түсімдер		684188
	01	Табыс салығы		155619
	2	Жеке табыс салығы		155619
	03	Әлеуметтік салық		130161
	1	Әлеуметтік салық		130161
	04	Меншікке салынатын салықтар		397228
	1	Мүлікке салынатын салықтар		380633
	3	Жер салығы		778
	4	Көлік құралдарына салынатын салық		12335
	5	Бірыңғай жер салығы		1000
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар		2482
	2	Акциздер		962
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		247
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		1273
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер		1180
	1	Мемлекеттік баж		1180
2		Салықтық емес түсімдер		2545
	01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер		915
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		915
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1380
	1	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1380

06			Басқа да салықтық емес түсімдер	250
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	250
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	180
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	180
	1		Жерді сату	180
4			Трансферттерден түсетін түсімдер	2207222
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2207222
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2207222
Функционалдық топ				Сомасы
Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
	Атауы			
			II. Шығыстар	2894135
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	250884
1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	234026
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13489
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13324
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	165
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	51708
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51708
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	168829
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	168829
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	16858
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16858
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16858
02			Қорғаныс	2862
1			Әскери мұқтаждар	2862
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2862
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2862
04			Білім беру	2188917
1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	180221

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	180221
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	180221
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1975163
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1975163
		003	Жалпы білім беру	1910757
		006	Балаларға қосымша білім беру	64406
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	33533
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	33533
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9365
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	24168
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	0
		019	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету	0
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	0
05			Денсаулық сақтау	399
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	399
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	399
		002	Ерекше жағдайларда сырқатты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	399
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	176288
2			Әлеуметтік көмек	158067
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	158067
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	22839
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3000
		006	Тұрғын үй көмегі	2730
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	40527
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1870

		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	26678
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	56000
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	4423
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	18221
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18221
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16371
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1850
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	13919
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0
		026	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша ауылдық елді-мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	0
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	0
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	0
		072	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту (немесе) сатып алу	0
2			Коммуналдық шаруашылық	3105
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	0
		014	Елді-мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3105
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	3105
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	0
3			Елді-мекендерді көркейту	10814
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	10814
		008	Елді-мекендерде көшелерді жарықтандыру	7229
		009	Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200

		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	385
		011	Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3000
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
		015	Елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру	0
		016	Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
		017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	0
